

EKTU
1958

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Д.Серикбаев атындағы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АНЫҚТАМАЛЫҚ-НҰСҚАУЛЫҚ бірінші курс білім алушыларына 2026-2027 оқу жылы



www.ektu.kz





EKTU
1958

МИССИЯ: Біз білім, ғылым және индустрияны біріктіру арқылы жоғары технологиялық болашақты құрамыз.

Құрметті бірінші курс студенттері!!!



**Рахметуллина
Сәуле Жәдігерқызы**

*«Д. Серікбаев атындағы
Шығыс Қазақстан
техникалық университеті»
Коммерциялық емес
акционерлік қоғамының
Басқарма төрағасы - ректор
техникалық ғылымдарының
кандидаты,
қауымдастырылған
профессор*

Сіздерді Дәулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетіне оқуға түскендеріңізбен құттықтаймын! Сіздер еліміздің алдыңғы қатарлы техникалық жоғары оқу орындарының бірі – бай тарихы мен инженерлік кадрларды даярлауда мол тәжірибесі бар университетіміздің студенті атандыңыздар.

Бүгінде біздің университет өз білім беру мұратын сәтті жүзеге асырып, 1958 жылы құрылған СДИ-дің негізін қалаған сапа стандарттарын дамыту мен қолдауды жалғастырып келеді. Біз студенттерімізге республикалық қана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейге сай келетін 40-тан астам білім беру бағдарламалары бойынша білім береміз. Оқу басталған сәттен бастап сіздер тек университет қабырғасында ғана емес, кәсіби білім мен дағдыларды тәжірибе жүзінде де игеру мүмкіндігіне ие боласыздар.

Біздің сенімді серіктеріміздің қатарында «KAZZINC», «Kaz Minerals», «Allur» секілді жетекші қазақстандық кәсіпорындар бар. Осы компаниялардың өкілдері білім беру бағдарламаларын жасауға белсене қатысып, студенттеріміз өндірістік базаларында тәжірибеден сәтті өтуде.

Университетіміз Еуропа, Азия және Америке елдерінің жетекші жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытып келеді. Біздің университеттің студенті ретінде сіздер академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысуға және шетелде білім алуға мүмкіндік аласыздар. Шетелдік серіктестердің қолдауымен университетіміздің базасында жаңа білім беру алаңдары, зертханалар мен оқу орталықтары құрылуда. Біздің мақтанышымыз – Қазақстанда теңдесі жоқ заманауи автокөліктермен жабдықталған «Лу Бань» шеберханасы.

Құрметті бірінші курс студенттері! Университет ректоры ретінде және бүкіл университет қауымдастығының атынан сіздерге болашақ кәсіби дайындық жолында терең білім мен қажетті құзыреттерді игеруде шығармашылық табыс тілеймін. Еліміздің және халықаралық кеңістіктегі сұранысқа ие үздік инженер мамандардың қатарынан табылыңыздар! Университет қабырғасындағы студенттік жылдарыңыз өмірлеріңіздегі жарқын кезеңдердің бірі болсын!

**ЕКТУ – ВКТУ – СДИ
Сенімді Дамуға Инвестиция жаса!**

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	5
Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ТУРАЛЫ.....	5
ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ.....	7
ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕРГЕ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ (МОДУЛЬДЕР).....	10
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ.....	11
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУДАН ШЫҒАРУ.....	15
ЖАЗҒЫ СЕМЕСТРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	15
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ.....	16
Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ АУЫСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	19
УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ.....	21
Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ САЙТЫ ЖӘНЕ ОҚУ-БІЛІМ БЕРУ ПОРТАЛЫ.....	24
Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	28
2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАКАЛАВРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕСІ.....	30
2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ МАГИСТРАТУРА БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕСІ.....	32
2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ДОКТОРАНТУРА БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕСІ.....	38
САБАҚ КЕСТЕСІ.....	39
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	39
УНИВЕРСИТЕТ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ АТАУЫ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ.....	43
УНИВЕРСИТЕТ ҒИМАРАТТАРЫНЫҢ ОРНАЛАСУ ЖОСПАРЫ.....	45
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР.....	46

КІРІСПЕ

Анықтамалық-нұсқаулық Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ 2025-2026 оқу жылының бірінші курс білім алушыларына арналған. Онда кредиттік оқыту жүйесі бойынша оқу процесін ұйымдастырудың негізгі ережелері қамтылған. Университет және оның құрылымдық бөлімшелері туралы ақпарат, студенттерге қойылатын жалпы талаптар, олардың құқықтары мен міндеттері, білім алушылардың білімін бақылау және бағалау жүйесінің негізгі ережелері берілген.

1

Д.СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ТУРАЛЫ

«ШҚТУ» КеАҚ - бұл өзінің білім беру бағдарламаларының барлық аспектілерінде жоғары деңгейге жетуге ұмтылатын және экономика мен қоғамның алдында және бүгінгі мен ертеңі үшін инновациялық білім беру, зерттеу шешімдерін ұсынатын жетекші техникалық университет.

Жоғары оқу орны КСРО Министрлер Кеңесінің 1958 жылғы 5 тамыздағы қаулысымен және ҚазССР Министрлер Кеңесінің 1958 жылғы 30 тамыздағы «Өскемен жол-құрылыс институтын құру туралы» қаулысымен құрылды және 1958 жылғы 1 қыркүйектен бастап жұмыс істейді.

Бүгінде университетте алты мыңнан аса білім алушылар, магистранттар мен докторанттар білім алуда. Университет түлектерін ірі өнеркәсіптік, құрылыс, қаржы, көлік кәсіпорындары мен компанияларындағы еңбек мансабының болашағы күтеді. Отандық және халықаралық ірі компаниялар тарапынан университет мамандарына деген қызығушылық жылдан жылға артып келеді.

Университеттің бес мектебінде:

- Цифрлық технологиялар және жасанды интеллект мектебі ();
- Бизнес-мектеп (БМ);
- Халықаралық инженерия мектебі (ХИМ);
- Сәулет, құрылыс және энергетика мектебі (СҚЖЭМ);
- Жер туралы ғылымдар мектебі (ЖтҒМ)

бойынша 49 бакалавриат білім беру бағдарламасы, 42 магистратура білім беру бағдарламасы және 19 докторантура білім беру бағдарламасы бойынша білім беру жүзеге асырылады.

Оқыту алдыңғы қатарлы білім беру бағдарламалары бойынша жүргізіледі; университетте келесі жағдайлар жасалған:

- білім алушылардың жетекші салалық кәсіпорындар мен компанияларда тағылымдамадан өтуі және бітірушілерді жұмысқа орналастыру;
- әскери атақ алумен әскери дайындық;
- үш тілді топтарда оқыту (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқыту);
- ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық.

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-да тілдік құзыреттілік орталығының оқытушылары CEFR-тілдерді оқытудың халықаралық стандарты негізінде ағылшын тілін деңгейлік оқыту жүзеге асырылуда. Деңгейлік оқыту әр

студенттің білім деңгейін ескере отырып, ағылшын тілін сапалы оқытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Университетте ағылшын тілі бойынша халықаралық емтихандарды өткізуді ұйымдастыратын халықаралық тілдік сертификаттау тест орталығы жұмыс істейді: TOEFL ITP, TOEFL IBT, IELTS. Емтихан әкімшісі – ТҚО оқытушысы, Баяндинова Назгүл Анатольевна. Сонымен қатар, тілдік құзыреттілік орталығында халықаралық емтихандарға дайындық курстары ашылды. Курс әкімшісі-ТҚО жетекшісі, Хасенова Лира Нұрланқызы.

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті - бұл:

- он екі ғимарат, оның ішінде әскери кафедра;
- үш жатақхана.

Университетте өңір мен ел экономикасының нақты міндеттерін шешуге бағытталған зерттеу және инновациялық қызметті басқару жүйесі құрылды, ғылыми зерттеулерді жоғары деңгейде орындауға және өндіріске ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін енгізуге мүмкіндік беретін заманауи зерттеу базасы қалыптастырылды.

Университеттің басым ғылыми-зерттеу бағыттарын іске асыру үшін: «VERITAS» артықшылық орталығы; «Smart Engineering» құзыреттілік орталығы; "Industrial AI" құзыреттер орталығы және экология және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы құзыреттер орталығы; сондай-ақ 5 салалық құзыреттілік және технологиялар трансферті орталықтары: (автоматтандыру және мехатроника саласында; су шаруашылығы және су шаруашылығы, геология және тау-кен дела; ақпараттық технологиялар; құрылыс); DIGITAL SOCIAL RESEARCH халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы; "Қорғау және функционалдық жабындар" ғылыми орталығы; ғылыми-өндірістік орталықтар: құрылыстағы BIM-жобалау және "САТиМ" автокөлік отындары мен техникалық майларды сертификаттық сынақтардан өткізетін ғылыми –өндірістік орталық; Лу Бань шеберханасы; ГАЖ-технологиялар және Жерді зондтау саласындағы оқу-өндірістік зертхана; "Баламалы және дәстүрлі энергетика" және "Машина жасау станоктары және дәнекерлеу технологиялары"; өндірістегі 34 зертхана және 5 филиал жұмыс істейді.

"Industrial AI" құзыреттілік орталығы құрылды. Орталық жұмысының негізгі мақсаты-тау-кен-металлургия саласы үшін ЖИ - жүйелерін әзірлеу және ТМК секторы компанияларының негізгі (барлау, өндіру, байыту, металлургия) және қосалқы (энергетика, техникалық қызмет көрсету және жөндеу, экология және т.б.) процестері үшін жасанды интеллектті пайдалана отырып, кешенді бағдарламалық-аппараттық шешімдерді енгізу. Орталықтың серіктестері: "Alpha-Safety" ЖШС; "Rating" ЖШС; "Normal Work" ЖШС; "DeepMine Technologies" ЖШС инжинирингтік IT компаниялары болып табылады. Тапсырыс берушілер: "Казцинк" ЖШС (Glencore International AG.); "Үлбі металлургиялық зауыты" АҚ; "Қазақмыс корпорациясы" ЖШС; "Шығыстүстімет" ЖШС (Kaz Minerals); "Бақыршық кен өндіру кәсіпорны" ЖШС (Polymetal International) және т. б. ірі кәсіпорындар болып табылады.

Университетте металлургия және пайдалы қазбаларды өндіру саласындағы қазақстан-неміс ғылым және технологиялар институты құрылды. ҚНИ базасында тау-кен-металлургия саласында бірлескен ғылыми жобалар мен

зерттеулер іске асырылып, білім алушы екі дипломды білім беру бағдарламаларында оқитын болады.

- миллионнан астам кітап қоры мен компьютерлік техниканың кең паркі бар кітапхананың оқу залдары, Интернетке кең қолжетімділік, ақпараттық және іздеу жүйелерінің толық мәтінді дерекқорлары.

Білімнің жоғары сапасы, әлемдік білім кеңістігіне ену, инновация - бұл Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті таңдайтын курс!

2 ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру ұйымдарында бірыңғай кредиттік оқыту технологиясы (КОТ) іске асырылуда. Бұл технологияның мақсаты ұлттық білім беретін оқу бағдарламаларын халықаралық деңгейде тану, білім беру ұйымдарының білім алушылары мен оқытушыларының ұтқырлығын қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру сапасын арттыру болып табылады..

КОТ білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып жүзеге асырылады. КОТ білім берудің барлық деңгейлері бойынша бұрын игерілген кредиттердің үдемелі есебін білдіретін жинақтаушы болып табылады.

КОТ кезінде мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

Академиялық еркіндік - білім беру процесінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы;

Академиялық кезең (Term) - семестр, триместр, тоқсан сияқты үш нысанның біреуін білім беру ұйымы өзі белгілейтін теориялық оқу кезеңі;

Академиялық кредит - білім беру бағдарламасын оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;

Академиялық күнтізбе (Academic Calendar(академик календарь)) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі;

Академиялық сағат - оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең (ӘАОО-да 1 академиялық сағат кемінде 40 минутқа тең), академиялық күнтізбені, оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есептеу кезінде пайдаланылады;

Академиялық ұтқырлық - білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді, оқытушыларды белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылы) оқыту, тағылымдамадан өту немесе басқа ЖЖОКБҰ-на (ел ішінде

немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖЖОКБҰ-да немесе басқа ЖЖОКБҰ-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру;

Белсенді үлестірмелі материалдар (БҮМ) (Hand-outs) - білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеру үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар);

Білім алушылардың оқудағы жетістігі - білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары және құзыреті;

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;

Білім алушының академиялық рейтингі (Rating) (рейтинг) - аралық аттестаттау нәтижелері бойынша құрылатын, пәндердің және (немесе) модулдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

Білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - БӨЖ) - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - ДӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады;

Екі дипломдық білім беру - қос тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында, екі білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары бойынша оқу мүмкіндігі;

Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинау жүйесі (ECTS) - студенттің шетелде алған кредиттерін өзі оқитын білім беру ұйымына оралғанда дәреже алу, сондай-ақ білім беру бағдарламасы шеңберінде кредиттер жинау үшін есептелетін кредиттерге аудару тәсілі;

Жеке оқу жоспары - білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары;

Интегралды GPA (iGPA) - білім алушының академиялық жетістіктерін кешенді бағалау;

Кредиттік ұтқырлық - білім алушыларды өзі оқитын ЖЖОКБҰ-да оқуын жалғастыру шеңберінде - академиялық кредиттерді жинақтау мақсатында шетелге белгілі бір шектеулі оқу немесе тағылымдама кезеңіне орын ауыстыру (ұтқырлық фазасынан соң студенттер оқуын аяқтау үшін өзі оқитын білім беру ұйымына оралады);

Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor(минор)) - қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы;

Модуль - дербес, білім беру бағдарламасының құрылымдық элементін оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған, айқын қалыптасқан, білім алушылар меңгеретін білім, іскерліктер, дағдылар, құзыреттер және бағалаудың барабар критерийлері;

Модульдік оқыту - білім беру бағдарламасының модульдік құрылымы, оқу жоспары және оқу пәндері негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі;

Негізгі білім беру бағдарламасы (Major(мажор)) - негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы;

Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

Оқу пәніне жазу (Enrollment(енролмент)) - білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі;

Оқытудың кредиттік технологиясы - білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту;

Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОБӨЖ) - жеке кесте бойынша оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының жұмысы білім алушының санатына қарай ол: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОСӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОМӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОДӨЖ) болып бөлінеді;

Постреквизиттер (Postrequisite(постреквизит)) - зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері;

Пререквизиттер (Prerequisite(пререквизит)) - пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері;

Транскрипт (Transcript(транскрипт)) - кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат;

Тьютор - студентке нақты пәнді және (немесе) модульді игеруге көмектесетін академиялық консультант рөлін атқарушы оқытушы;

Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA) - таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы);

Эдвайзер (Advisor) - тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы;

Элективті пәндер - жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және ЖЖОКБҰ енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер.

3 ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕРГЕ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ (МОДУЛЬДЕР)

Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесінің маңызды аспектісі білім алушыларды элективті пәндерге (модульдерге) тіркеу рәсімі болып табылады. Элективті пәндер (немесе таңдау бойынша пәндер) – бұл міндетті компонент пәндеріне қосымша ретінде элективті пәндер каталогынан (ЭПК) оқытушы таңдап алуы тиіс пәндер. Міндетті компоненттің пәндері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен регламенттеледі және білім алушылар міндетті түрде зерделеуге тиіс.

Білім алушыларды тіркеуді эдвайзерлер ұйымдастырады, олар білім алушыларды білім беру бағдарламасымен, элективті пәндер каталогымен таныстырады, білім алушыларды бағдарлама талаптарына сәйкес өзекті элективті курстарды таңдауға бағыттайды. Эдвайзермен кеңескеннен кейін білім алушылар пәндерді таңдайды, эдвайзер білім алушыларды тіркейді. Тіркеуге білім алушылар игерген пререквизиттері бар пәндер ғана қолжетімді бола алады. Білім алушы, эдвайзер қол қойған және декан бекіткен жеке оқу жоспары тіркеуші офисіне тапсырылады, ол білім алушының жеке ісінде сақталады, сондай-ақ ЭЦҚ қойылған электрондық ЖОЖ білім алушының білім беру порталында және жеке кабинетінде болады.

Тіркеу нәтижесі жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастыру болып табылады, онда міндетті компоненттің де, таңдау компонентінің де және жоғары оқу орны компонентінің де (элективті пәндер) оқу пәндері (кредиттер санын көрсете отырып) көрсетіледі.

Элективті пәндерге 2026-2027 оқу жылында тіркелу мерзімі:



- 1 курс білім алушылары үшін – 26 тамыз - 31 тамыз 2026ж.,

- 2,3,4 курс білім алушылары үшін – 4 – 30 мамыр 2026ж.

2026-2027 оқу жылында элективті пәндерге қайта тіркеу мерзімі (егер белгілі бір пәнге тіркелген білім алушылар саны жеткіліксіз болған жағдайда немесе білім алушы жазғы семестрде пререквизитті меңгеріп, постреквизит пәнін оқуға жіберілген жағдайда): 2026 жылғы 1 қыркүйектен 13 қыркүйекке дейін.

ЖОЖ білім алушы тандаған траекторияны ескереді және *әрбір оқу жылына* құрастырылады. ЖОЖ негізінде академиялық лектер мен топтар құрылады. Білім алушылар ЖОЖ дұрыс ресімделуіне толық жауапты болады. Жіберілген қателер анықталған жағдайда эдвайзер мен тіркеуші офисіне дереу хабардар ету қажет.

Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ-інде элективті курстарға білім алушыларды электрондық жазу жүйесі, сондай-ақ білім алушыларды таңдауды, ЭЦҚ арқылы қол қоюы және ЖОЖ қалыптастыруды тіркеудің электрондық жүйесі жұмыс істейді. Бұл жүйе білім беру порталында орналасқан нұсқаулықта сипатталған.

4

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Кредиттік оқыту технологиясы кезінде білім алушылардың білімін бақылау және бағалау семестр бойы бақылаудың келесі түрлерін болжайтын бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша жүзеге асырылады:

- ағымдағы;
- межелік (оның барысында балдар қойылады – 1 межелік бақылау және 2 межелік бақылау);
- қорытынды (емтихан)).

Бұл ретте семестр бойы бақылауға - 60%, ал емтиханға – 40% жалпы қорытынды баға беріледі. Білім алушының білімі бағалаудың әріптік жүйесі бойынша бағаланады, ол 100 балдық шкала бойынша белгілі бір балл санымен және төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентпен сәйкес келеді. Бұл бағалау жүйесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент	Балдар (%-дық мазмұн)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
А	4,0	95-100	Өте жақсы

A-	3,67	90-94	Жақсы
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау – академиялық кезең ішінде сабақ кестесіне және (немесе) кестесіне сәйкес оқытушы жүргізетін оқу пәнінің бағдарламасына сәйкес жекелеген тақырыптар, бөлімдер, модульдер бойынша білім алушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын жүйелі түрде тексеру. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау оқу пәнінің тақырыптары бойынша жүргізіледі және аудиториялық, аудиториядан тыс сабақтарда білімді бақылауды қамтиды. Тапсырмалар түрлерін және ағымдағы бақылау кезеңділігін оқытушы оқытылатын пән ерекшелігіне байланысты әзірлейді және мыналарды ескеруі мүмкін: сабаққа қатысу, дәріс конспекттері, ауызша сұрау, коллоквиум, тестілік сұрау, реферат, эссе, межелік тестілеу және т.б.

Білім алушының ағымдағы бақылау жұмыстарының кез келген түріне дәлелді себепсіз келмеуі нөлдік балмен бағаланады.

Ағымдағы бақылау нәтижелері бойынша межелік бақылау нәтижесі (рейтинг) қалыптастырылады.

Оқытушы ағымдағы бақылаудың барлық түрлерін жүргізеді, бұл ретте білім алушылардың оқу жетістіктері жинақтау жүйесі бойынша бағаланады (ен көбі 100 балл).

Ағымдағы бақылаудың барлық түрлерін тапсыру мерзімі жұмыс оқу бағдарламаларында (силлабустарда) келтірілетін пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесімен айқындалады және пән бойынша бірінші сабақтарда білім алушылардың назарына жеткізіледі;

Межелік бақылау - бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағаннан кейін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау (академиялық кезеңде екі рет өткізіледі).

Межелік бақылау өткен тақырыптар, модульдер, бақылау және есептеу-графикалық жұмыстар, сызбалар және т.б. материалдары бойынша жүргізіледі және осы межелік бақылау кезеңіндегі ағымдағы бақылау нәтижелерін біріктіреді. ШҚТУ КЕАҚ-та әрбір академиялық кезең ішінде екі межелік бақылау көзделген (МБ1, МБ2).

Межелік бақылау кезеңіндегі үлгерімнің түпкілікті нәтижесі (МБ1, МБ2) осы межелік бақылау кезеңі ішінде алынған барлық бағаларды қосу арқылы жүргізіледі. Барлық тапсырмаларды бағалау сомасы 100 баллдан аспауы тиіс;

Білім алушыларды аралық аттестаттау (қорытынды бақылау) – білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттері) деңгейін оқу жұмыс пәніне сәйкес оқу аяқталғаннан кейін бағалау рәсімі.

Аралық аттестаттау сессия кезеңінде жүзеге асырылады және білім алушылардың білімін жүйелеуге, пән туралы және оның барлық тақырыптары мен бөлімдерінің өзара байланысы туралы тұтас түсінікке арналған. Аралық аттестаттау әдетте емтихан сессиясы кезінде емтихан нысанында, кейбір жағдайларда – курстық жұмыс (жоба), ОЖЖ-ға сәйкес реферат түрінде өткізіледі.

ШҚТУ КЕАҚ-та емтихандар парақшаларда сұрақнамаларды қолдана отырып, ауызша, жазбаша түрде, сондай-ақ шығармашылық емтихан, open book, эссе түрінде өткізіледі. Парақшаларды қолдана отырып емтихан өткізу үшін емтихан материалдарын мектеп/факультет оқытушылары әзірлейді. Мектеп/факультет емтихандарды өткізу формасын өзі анықтайды.

Егер сабақты өткізу 50% - дан жоғары болса, онда бакалавриаттың білім алушысы қорытынды бақылау тапсыруға жіберілмейді және жазғы семестрде пәнді меңгеруі тиіс. Рұқсаттамаларды есептеу кезінде кешігулер есепке алынады, әрбір сабаққа 20 минуттан артық бес кешігу есебінен бір сабаққа жіберілгенге теңестіріледі.

Сабақтарды өткізіп жіберудің дәлелді себебін растайтын құжаттар болған кезде деканат білім алушыларды қорытынды бақылауды тапсыруға жіберу туралы өкім шығарады. Ол үшін білім алушы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияға өтініш беруі және растайтын құжаттарды қоса беруі тиіс.

Қорытынды бақылау рәсімі ШҚТУ КЕАҚ 024 «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ КЕАҚ-да білім алушылардың межелік, қорытынды бақылау және білімдерін бағалау» құжатталған рәсімімен реттеледі (осы нормативтік құжаттың негізгі ережелерімен сіз деканаттың ақпараттық стенділерінен таныса аласыз; құжаттың толық нұсқасы университеттің білім беру порталында орналастырылған).

Әрбір пән бойынша білім алушының қорытынды бағасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ИО = \frac{РК1 + РК2}{2} \times 0,6 + Э \times 0,4$$

мұндағы ИО-пән бойынша қорытынды баға;

РК1 және РК2-тіісінше 1 және 2-межелік бақылау үшін балдар;

Э-емтихан бағасы (100 балдық шкала бойынша).

Қорытынды баға сынақ кітапшасына және білім алушының транскриптіне әріптік және сандық мәнде қойылады.

Пән бойынша қорытынды бағаны анықтау мысалы:

Кейбір білім алушы N семестр бойы пән бойынша 1 межелік бақылаудан 60 балл, 2 межелік бақылаудан 80 балл (әрбір аралық бақылау бойынша мүмкін

болатын 100 баллдан) алсын. Емтиханда ол мүмкін 100 баллдан Э=65 емтихан бағасын алды.

Сонда жоғарыда келтірілген формула бойынша оқушының қорытынды бағасы N тең болады:

$$ИО = \frac{60+80}{2} \times 0,6 + 65 \times 0,4 = 70 \times 0,6 + 65 \times 0,4 = 42 + 26 = 68 \text{баллов}$$

1 – кесте бойынша білім алушының қорытынды бағасы 2,0 (С) – «қанағаттанарлық» болады. Бұл нәтиже сынақ кітапшасына және транскриптке енгізіледі.

Егер білім алушы емтиханда қанағаттанарлықсыз баға алса, яғни емтихан үшін 50 баллдан кем жинаса, онда межелік бақылаудың кез келген мәні кезінде оның қорытынды бағасын есептеу жүзеге асырылмайды және тізімдемеге F немесе FX бағасы – «қанағаттанарлықсыз» қойылады.

Әрбір пән бойынша емтиханға жіберу үшін білім алушы семестр ішінде $\frac{PK1+PK2}{2} \geq 50$

балл жинауы тиіс, олай болмаған жағдайда ол емтихан тапсыруға жіберілмейді және осы пән жазғы семестрге аралық бақылау балдарын оқып-үйрену және көтеру үшін қалады. Егер пән бойынша оқу жоспарында курстық жобаны (жұмысты) орындау және қорғау көзделсе, онда

осы пән бойынша емтиханға білім алушы $\frac{PK1+PK2}{2} \geq 50$ және курстық жобаны (жұмысты) сәтті тапсырған жағдайда ғана жіберіледі. Бұдан басқа, пән бойынша емтиханға жіберу үшін білім алушыда осы пәннің пререквизиттері бойынша академиялық қарыздары болмауы тиіс.

Ақылы (шарттық) негізде оқитын білім алушылар үшін оқуға ақы төлеу бойынша берешектің болмауы да сессияға жіберудің міндетті шарты болып табылады.

Барлық білім алушылар міндетті түрде емтихан тапсырады. Емтихан бағаларын автоматты түрде қоюға тыйым салынады.

Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны жоғарылату мақсатында оны аралық аттестаттаудың осы кезеңінде (яғни ағымдағы емтихан сессиясы кезеңінде) қайта тапсыруға рұқсат етілмейді. Емтиханды қайта тапсыру үшін білім алушы келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде осы пән бойынша оқу жұмыс жоспарында көзделген оқу сабақтарының барлық түрлеріне қайта қатысады, рұқсат алады және қорытынды бақылауды тапсырады. Бұл ретте транскриптке білім алушының барлық қорытынды бағалары жазылады.

«FX» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» емтихан бағасын алған жағдайда, білім алушы ағымдағы сессия ішінде (немесе демалыс – сессия аяқталғаннан кейін бір апта ішінде) бір реттен артық емес және келесі сессияда немесе жазғы семестрде бір рет пәнді қайта өтпей-ақ емтиханды тапсыруға мүмкіндігі бар.

«F» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» емтихан бағасын алған жағдайда, білім алушы осы пәнге қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және жазғы

семестрде немесе келесі семестрде қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

Емтихан сессиясы - университетте білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңі;

Рұқсат беру рейтингісінің бағасы - білім алушылардың ағымдағы үлгерімінің көрсеткіші, аралық бақылау кезеңінде академиялық кезеңде екі рет анықталады;

2025-2026 оқу жылында білім алушыларды курстан курсқа ауыстыру «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ интегралды GPA енгізу туралы бекітілген Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Егер білім алушы ауысу интегралды GPA балын белгіленген мәннен төмен алған болса, ол ақылы негізде қайта оқу жылына қалдырылады. Қайта оқу жылында ол игерілмеген пәндерді оқиды және қажет болған жағдайда өткен пәндер бойынша бағаларды жоғарылатады. Білім беру гранты бойынша қайта оқу жылына қалдырылған білім алушылар мемлекеттік гранттан айырылады және оқуын ақылы негізде жалғастырады.

5 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУДАН ШЫҒАРУ

Білім алушы университеттен келесі жағдайларда шығарылады:

- 1) академиялық үлгермегені үшін;
- 2) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;
- 3) университеттің ішкі тәртіп ережелері мен Жарғысын бұзғаны үшін;
- 4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу құнын төлемегені үшін;
- 5) өз еркімен жүргізіледі.

Академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін оқудан шығарылған білім алушы қалпына келтіруге жатпайды.

6 ЖАЗҒЫ СЕМЕСТРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Жазғы (қосымша) семестр (академиялық күнтізбені қараңыз) оқу жылының негізгі семестрлеріне қосымша ұйымдастырылады. Жазғы семестрде білім алушылар келесі мүмкіндіктерге ие:

- академиялық қарыздарыңызды жою;
- өз қалауы бойынша қосымша несиелерді игеру;
- GPA жоғарылату мақсатында жекелеген пәндерді қайта тапсыру;
- өз қалауы бойынша қосымша пәндерді оқу.

Жазғы семестрді білім алушылардың академиялық ұтқырлығы шеңберінде (анықтамалық-нұсқаулықтың тиісті бөлімін қараңыз) басқа жоғары оқу орындарында жекелеген пәндер бойынша оқудан өту үшін де пайдалануға болады. Жазғы семестрде 30 кредиттен артық емес қайта игеруге рұқсат етіледі.

Жазғы семестрде оқу әрбір оқу жылына белгіленген 1 кредиттің құны есебінен (осы пәнге берілетін кредиттер санына байланысты) ақылы негізде ғана жүзеге асырылады. Жазғы семестрде оқудан өту кезінде білім алушы осы пән бойынша оқу жұмыс жоспарында көзделген оқу сабақтарының барлық түрлеріне

қайта қатысады, рұқсат алады және қорытынды бақылау (емтихан) тапсырады. Сондай-ақ, Жазғы семестр кезінде, пәнді қайта өткізбестен FX (25-тен 49 баллға дейін) бағасы алынған болса, емтиханды қайта тапсыруға болады.

Жазғы семестрде оқу үшін білім алушы (тіркелу үшін белгіленген мерзімде) СҚКО арқылы тіркеуші офисіне on-line режимінде пәндерді көрсете отырып өтінім береді және төлем туралы түбіртектің фотосуретін тіркейді. ТО қызметкері төлем болмаған жағдайда тіркеуден бас тартуға құқылы, бас тарту туралы хабарлама білім алушының жеке кабинетіне жіберіледі. Емтихандар кестесін оқу процесін жоспарлау және мониторинг бөлімінің қызметкерлері жасайды және білім алушының мәзірінде білім беру порталында жарияланады.

Емтихандарды ұйымдастыру мен қабылдауды емтиханды ұйымдастыру секторының мамандары жүргізеді. МБ1 және МБ2 жаңа мәндерін алғаннан кейін (рұқсат беру рейтингісінің мәні 50 және одан жоғары балл болған жағдайда), сондай-ақ егер бақылаудың бұл түрі оқытылатын пән үшін көзделген болса, курстық жобаны (жұмысты) сәтті қорғағаннан кейін білім алушылар on-line режимінде Жеке кабинетте СҚКО арқылы қайта оқытудан кейін емтихан тапсыруға өтінім береді. Білім алушы мақұлдау немесе бас тарту туралы берілген өтінімді қадағалауы тиіс.

Жазғы семестрге төлемді «Халық банк», «Береке банк» банкінде (операцияны тағайындау – қосымша оқу үшін) және «Каспий» қосымшасы арқылы, сондай-ақ университет холлындағы 1 – қабаттағы «Береке банк» терминалында (операцияны тағайындау-қосымша кредиттер үшін төлем. Комиссия-50 теңге) жасауға болады.

7 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті (ШҚТУ) Болон үдерісінің толыққанды қатысушысы ретінде академиялық ұтқырлықты белсенді түрде дамытып келеді. Қазақстан Республикасы – Болон декларациясына қосылған Орталық Азиядағы алғашқы мемлекет, бұл елдің жоғары білім жүйесінің әлемдік стандарттарға сай сапасын арттыруға және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге деген ұмтылысын білдіреді.

Академиялық ұтқырлық дегеніміз не?

Академиялық ұтқырлық – бұл білім алушының белгілі бір академиялық кезең ішінде (бір семестр немесе оқу жылы) басқа жоғары оқу орнында (Қазақстанда немесе шетелде) білім алуы, кейіннен меңгерген пәндерін кредиттер жүйесі арқылы өз университетінде міндетті түрде қайта есепке алуымен жүзеге асады.

Академиялық ұтқырлық түрлері:

- Ішкі ұтқырлық – Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында білім алу;

- Сыртқы ұтқырлық – шетелдік серіктес университеттерде білім алу.

Неліктен академиялық ұтқырлыққа қатысу керек?

- Жаңа білім мен тәжірибе алу;
- Тілді меңгеру мен мәдениетаралық қатынасты дамыту;

- Академиялық және кәсіби мүмкіндіктерді кеңейту;
- Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу;
- Елдің және әлемнің жетекші университеттерінде білім алу тәжірибесі.

Қайда жүгіну керек?

Сұрақ	Жауапты бөлім	Кабинет	Байланыс телефоны
Сыртқы ұтқырлық (шетел)	Халықаралық ынтымақтастық басқармасы	Г-1-232	8 (7232) 26-25-33, 40-11-06 (ішкі 322)
Ішкі ұтқырлық (Қазақстанда)	Тіркеуші офисі	Г-1-127	540-498

Академиялық ұтқырлыққа қалай қатысуға болады?

1. Университет таңдау (Қазақстанда немесе шетелде):
 - ШҚТУ-дың білім беру порталында серіктес университеттер тізімімен танысыңыз.
 - Қабылдау ашық па, соны координатордан нақтылаңыз.
2. Пәндерді таңдау:
 - Оқу жоспарларын салыстырыңыз.
 - Таңдаған пәндерді білім беру бағдарламасы жетекшісімен келісіңіз.
3. Құжат тапсыру:
 - Өтінім-анкетаны толтырыңыз;
 - Транскрипт пен (бар болса) тіл сертификатын тіркеңіз;
 - Құжаттарды ұтқырлық бағдарламасының координаторына өткізіңіз.
4. Жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) келісу:
 - Қабылдаушы университеттен ресми шақырту алғаннан кейін жасалады;
 - Білім беру бағдарламасы жетекшісі мен деканатпен бекітіледі.
5. (Қажет болған жағдайда) байқауға қатысу:
 - Бағалау критерийлері:
 - шет тілін меңгеру деңгейі (УӘБ дайындаған талаптар бойынша);
 - білім туралы құжаттағы орташа балл;
 - академиялық кезең соңындағы үлгерім (тіркеуші офисі арқылы расталады);
 - ШҚТУ-да кемінде бір академиялық кезеңді аяқтау.

Академиялық ұтқырлықты қаржыландыру көздері:

1. Республикалық бюджет қаражаты (мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында оқитындар үшін);
2. Университеттің ақылы қызметтерден түскен кірістері;
3. Жұмыс берушілердің, ғылыми/академиялық серіктестердің, халықаралық және отандық қорлар мен стипендиялардың гранттары;
4. Білім алушының жеке қаражаты.

МАҢЫЗДЫ! Мемлекеттік қаржы есебінен білім алған жағдайда аванстық есеп пен қорытынды есеп тапсыру міндетті.

Жазғы семестрдегі академиялық ұтқырлық

- Академиялық ұтқырлық бойынша білім алушы жазғы семестрде де басқа университеттерде (Қазақстанда немесе, егер серіктес университет рұқсат берсе, шетелде) оқуға мүмкіндігі бар.
- Жетекші университеттер жазғы семестрге тіркеуді онлайн түрде өз сайттарында жүзеге асырады.
- Тіркелу ережелері, мерзімдері мен шарттары туралы ақпаратты университеттердің ресми сайттарынан немесе координатордан алуға болады.

Ұтқырлықтан кейін: не істеу керек?

- Білім алушы университетке:
 - транскриптті (қабылдаушы университеттен),
 - қаржылық есепті (мемлекеттік/университет есебінен оқыған жағдайда) тапсырады.
- Негізінде пәндер мен кредиттер қайта есепке алынады (ECTS – Еуропалық кредиттерді ауыстыру жүйесі бойынша).

Пайдалы кеңестер:

- Құжаттарды кемінде бір семестр бұрын дайындауды бастаңыз;
- Ағылшын тілін немесе таңдалған елдің тілін үйренуді күшейтіңіз;
- Мобильділік бойынша жаңалықтарды бақылаңыз:
 - Білім беру порталы,
 - Университет сайты,
 - ШҚТУ-дың Telegram, Instagram, Facebook парақшалары.

Құжаттық негіз

Академиялық ұтқырлық рәсімі келесі құжатпен реттеледі: ДП НАО ШҚТУ 023-І-2024 «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-да академиялық ұтқырлық» (құжаттың толық нұсқасы білім беру порталында қолжетімді).

Қабылдаушы ЖЖОКБҰ-да оқуды аяқтағаннан кейін білім алушы өз ЖЖОКБҰ-на транскрипт пен аванстық есепті (республикалық бюджет, ЖОО қаражаты есебінен оқыған жағдайда) ұсынады. Транскрипт негізінде міндетті несие аударымы зерттеледі (ECTS немесе European credit transfer system – еуропалық несие аударымы жүйесі).

Басқа университетте оқып, жаңа тәжірибе жинап, өзіңізді дамытуға ұмтылсаңыз – академиялық ұтқырлық сіз үшін ашық есік!

8

Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ АУЫСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Университетте білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау тәртібі «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ КЕАҚ Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау» ҚР КЕАҚ «ШҚТУ» 017-ІІ-2024 құжатталған рәсімімен регламенттелген.

Білім алушылардың ауыстыру және қайта қабылдау туралы өтініштерін университет басшысы жазғы және қысқы каникул кезеңінде ШҚТУ КЕАҚ кезекті академиялық кезеңі басталғанға дейін бес күн ішінде қарайды. Егер білім алушылар жеке оқу жоспарына сәйкес меңгеріп жатқан бағдарламасының

бірінші академиялық кезеңін толық аяқтаса, олар оқудан шығарылғаннан кейін ауыса немесе қайта қабылдана алады.

Бұл ретте, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, соғыс уақыты туындаған жағдайда, сондай-ақ оқу еліндегі қарулы, әскери қақтығыстар жағдайында Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды шетелдік ЖЖОКБҰ-дан ауыстыру және қалпына келтіру оқу жылы ішінде жүзеге асырылады.

Жалпы орта білім базасында (мектеп базасында) бакалавриат білім алушыларын ауыстыру және қайта қабылдау кезінде білім алушы ҰБТ тапсыру туралы сертификатты; магистратура үшін КТ тапсыру туралы сертификатты ұсынуы тиіс.

Білім алушыларды «ШҚТУ» КЕАҚ-ға ауыстыру кезінде білім беру бағдарламасының дайындық бағыты мен бейіні, оқу жетістіктері, сондай-ақ білім алушылардың академиялық адалдығын бұзу жағдайлары ескеріледі.

Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде оқыған пәндерінің тізбесі, олардың бағдарламалары және транскрипте көрсетілген академиялық сағаттардағы немесе кредиттердегі көлемі негізінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия оқыту нәтижелерін қайта есепке алуды жүзеге асырады. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оның негізінде деканат қызметкері салыстыру тізімдемесін жасайды және өткен академиялық кезеңдерде зерделенген оқу жұмыс жоспарлары пәндеріндегі академиялық айырмашылықты айқындайды.

Білім алушыға немесе оқудан шығарылған бакалаврға / магистрантқа / докторантқа транскрипт оқу және білім беру сипатындағы өзге де қызметтер үшін ақы төлеу бойынша берешегі болмаған кезде беріледі. Қарыз болған жағдайда білім алушыларға қызмет көрсету орталығының (бұдан әрі-СҚКО) маманы оның сомасы толық өтелгенге дейін қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы.

Білім алушыларды ақылы негізде ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде оларды одан әрі оқыту курсы пререквизиттер мен академиялық айырмашылықтың жалпы көлемі ескеріле отырып айқындалады.

Егер академиялық айырманың жалпы көлемі (игеруге қажетті пререквизиттерді ескере отырып) 35 академиялық кредиттен аспайтын болса, ауыстыру және қайта қабылдау сол курсқа жүзеге асырылады.

Егер академиялық айырманың жалпы көлемі (игеруге қажетті пререквизиттерді ескере отырып) осы тармақта көзделгеннен көп кредит санын құраса, ауыстыру немесе қалпына келтіру тиісті курсқа жүзеге асырылады.

«А»-дан «С»-қа дейінгі шекте қорытынды баға қойылған пәндер ғана қайта есептеуге жатады. Егер балл төмен болса, онда бұл пән айырмашылықтың пәні болып саналады.

Академиялық айырмашылықты жою мерзімі (бітіру курсынан басқа) ағымдағы оқу жылының соңына дейін.

Оқу жұмыс жоспарының пәндеріндегі академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы осы пәндерге жазылады, академиялық кезең ішінде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, ағымдағы бақылауды тапсырады,

қорытынды бақылауға рұқсат алады. Айырмашылық пәні бойынша қорытынды бақылауды тапсыру нысанын мектеп/факультет деканы ауызша нысанда айқындайды. Білім алушы оқытушыға жүгінеді, тапсырмаларды орындайды, оған пән бойынша рұқсат рейтингінің бағалары айқындалады. Қорытынды бақылауды тапсырғаннан кейін оқытушы өзінің логині мен паролі арқылы SPOTAL жүйесіне қосымша сабақтардың үлгерім тізімдемесіне баға енгізеді. Жазғы семестрде жойылмаған жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылық бұдан әрі академиялық берешек ретінде ескеріледі.

